

Жоба атауы, ИРН	AP13268757 - Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын тұрақты дамыту үшін биоэнергияны енгізудің ұйымдастырушылық-экономикалық тетіктері
Орындалу мерзімі	12.05.2022-31.12.2024
Жоба жетекшісі	Тасмағанбетов Аслан Букимбаевич, PhD, э.ғ.к., қауым. профессор, экономика және менеджмент кафедрасының доценті
Реферат	<p>Қазіргі уақытта ұлттық реформалардың табыстылығы елдің тиімділігіне, бейімділігіне, тұрақты даму мақсаттарын іс жүзінде іске асыруға бағдарлануына тікелей байланысты.</p> <p>2015 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымына кіретін мемлекеттер «Әлемізді қайта құру: 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған тұрақты даму саласындағы күн тәртібі» құжаты бектілді, онда әлемдік қоғамдастықтың таяудағы 15 жылға арналған даму бағдары ретінде 17 тұрақты даму мақсаты көрсетілген [1].</p> <p>«7 Мақсатқа, яғни арзан және таза энергия» сәйкес барлық азаматтар, сенімді, арзан, тұрақты және заманауи энергия көздеріне жалпыға бірдей қол жеткізу керек.</p> <p>Мұнай және көмір ресурстарының таусылуына байланысты Қазақстанның энергия теңгерімдерінде жаңартылатын энергия маңызды рөл атқарады. Электр энергиясын өндірудің жалпы көлеміндегі жаңартылатын энергия көздерінің үлесі еліміздің 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарына сәйкес 2025 жылға қарай 6% - ды [2], елдің «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдамасына сәйкес 2030 жылға қарай 10% - ды және 2050 жылы 50% - ды құрауы тиіс [3].</p> <p>Осы стратегиялық мақсатты орындауда ауыл шаруашылығының әлеуетін пайдалануға болады, өйткені Қазақстан ауыл шаруашылығы өнімдерінің ірі өндірушісі болып табылады, соның салдарынан органикалық қалдықтар пайда болады, оларды биогаз, электр және жылу энергиясын өндіру үшін бастапқы ресурс ретінде пайдалануға болады.</p> <p>Биоэнергия өндіру бойынша технологияны пайдалану шалғайдағы ауылдық елді мекендердің тұрғындарын үй мақсаттары үшін жергілікті үздіксіз электр және жылумен жабдықтауды қамтамасыз етуге ықпал етеді. Биогаз өндіру және оны одан әрі пайдалану кезінде халықтың қосымша энергия көздеріне өсіп келе жатқан сұранысы ғана емес, кейде белгілі бір аумақтарда жоқ отын мен энергияға деген қажеттілік те қанағаттандырылады. Биоэнергияны енгізу кезінде ауылдық аумақтар мынадай экономикалық артықшылықтарға ие болады: халықтың тығыздығы әртүрлі учаскелерді энергиямен қамтамасыз ету теңестіріледі; көлік тасымалы және қол жетімді емес ауылдарға отын жеткізу шығындары азаяды; отынның басқа түрлерімен және энергиямен бәсекелесетін қосымша отын көздері пайда болады; автономды энергия көздері пайда болады; энергия жүйесінің қауіпсіздігі жақсарады.</p>
Мақсаты	Ауылдық аумақтарды тұрақты дамыту үшін биоэнергияны енгізудің ұйымдастырушылық-экономикалық тетігін талдау
Күтілетін нәтижелер	1. Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарындағы биоэнергияның қазіргі даму жағдайын бағаланады.

	<p>2. Ауылдық жерлерде биоэнергияның дамуына әсер ету дәрежесі бойынша факторларды жіктеледі.</p> <p>3. Жаңартылатын энергия көздерін енгізу бойынша мемлекеттік қолдау құралдарын жүйеленеді.</p> <p>4. Биогаз қондырғыларының техникалық-экономикалық тиімділігін бағалау критерийлері әзірленеді.</p> <p>5. Биоэнергетика технологияларын қолдану жөніндегі ақпараттық орталықтың жұмыс істеуінің ұйымдастырушылық-экономикалық тетіктерінің кешені жасақталады.</p> <p>6. Биоэнергия өндіретін ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында биогаз қондырғыларын енгізу алгоритмі дайындалады.</p>
Зерттеу тобы	<p><i>Жетекші:</i> Тасмағанбетов Аслан Букимбаевич, PhD, э.ғ.к., қауым. профессор, Хирш индексі – 3, Scopus ID: 56447104400, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0003-0636-7498</p> <p><i>Ғылыми кеңесші:</i> Есенгельдин Бауыржан Сатыбалдинович, э.ғ.д., профессор, Хирш индексі – 4, Scopus ID: 55683958400, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0003-4155-3616</p>
Ғылыми басылымдардағы жарияланымдар	<p>1. Қазақстанның тұрақты даму мақсатына қол жеткізудегі жаңартылатын энергия көздерінің рөлі // А. Букетов атын. Қарағанды университетінің хабаршысы. – Қарағанды, 2022. – №2. – 313-320 б. https://economy-vestnik.knu.kz/apart/2022-106-2/27</p> <p>2. Қазақстанның ауылдық аумақтарында биоэнергияның дамуына әсер ететін әлеуметтік-экономикалық факторлар // Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетінің жаршысы. – Астана, 2022. – №3. – 153-159 б. http://vestnik.kuef.kz/web/uploads/file-vestnik/e3fa2556b82b4260e0702a802f27a29e</p>